

**«Мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының қызметі:
нәтижелер мен перспективалар» тақырыбында өткен
республикалық вебинар туралы
АҚПАРАТ**

Ағымдағы жылдың 15-ақпанында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің 2024 жылға арналған жылдық жоспарына сәйкес онлайн форматта «Мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының қызметі: нәтижелер мен перспективалар» тақырыбында республикалық вебинар» (бұдан әрі – Вебинар) өткізді.

Вебинардың мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне әдістемелік қолдау көрсету және озық педагогикалық тәжірибені тарату бойынша мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының жұмысын жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру.

Вебинар жұмысына құрылымдық бөлімшенің мамандары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жетекшілік ететін Білім басқармаларының мамандары, әдістемелік орталық/кабинеттердің әдіскерлері, мобильді топтардың қызметіне жетекшілік ететін әдіскерлер, құзыреттілік орталықтарының басшылары қатысты.

Онлайн форматтағы республикалық вебинарға барлығы 500 адам қатысты. Вебинарда келесідей мәселелер:

- мобильді топтардың қызметінің нәтижелері мен перспективалары;
- Мобильді топтардың жұмыс жоспарларын талдау;
- Консультациялық пунктердің қызметін талдау қаралды.

Вебинар жұмысын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры Г.Онланбекқызы алғы сөзбен ашып, мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының қызметіне, жұмыс нәтижелеріне және перспективаларына тоқталды. Сонымен бірге озық педагогикалық тәжірибені тарату, әдістемелік сүйемелдеу туралы айтты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директорының орынбасары М.Н.Ерманова өңірлерден келген мобильді топтардың жұмыс жоспарларына талдау жасап, жұмыс жоспарларындағы өзекті іс-шараларға тоқталды.

Сонымен қатар, мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтары жұмыс тәжірибесімен алмасты.

Алматы қаласы білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің жетекшісі Р.Қ.Тумаева «Құзыреттілік орталықтар мен мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыруда әдістемелік қамтамасыз ету» тақырыбында сөз қозғап, Алматы қаласы бойынша МДҰ жанынан құрылған 17 құзыреттілік орталықтары жұмысы туралы айтты. Құзыреттілік орталықтарының иновациялық жұмыстарына тоқталды.

Солтүстік Қазақстан облысының «Әдістемелік орталық» КММ әдіскері А.Ж.Бекмуратова мобильді топтардың жұмысын ұйымдастырудағы

міндеттерге тоқталды, мобильді топтармен өткізілген жұмыс форматтары туралы айтты.

Құзыреттілік орталығының жетекшісі Э.А.Еришова (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы №48 «Мұрагер» бөбекжай меңгерушісі) озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталығы болып бастағаннан кейін, бөбекжай ішінде «Кәсіби өсу мектебі» жобасы құрылғандығы туралы баяндады. Сонымен қатар кәсіби өсу мектебін жүзеге асырудағы әдістерге тоқталды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының Мониторинг және талдау орталығының басшысы Г.К. Тюлебаева өз сөзінде консультациялық пункттің қызметі мен бағыттары, жұмыс нәтижелері туралы айтты.

Вебинар соңында қатысушылар пікір аламасып, ұсыныстар талқылады, вебинар жұмысының қорытындысы бойынша ұсынымдар қабылданды.